

## Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 23 мамыр N 3528.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 9-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Мыналар:

1) Алматы облысы бойынша:

Гвардия, Қапал, Кеген, Күрті, Үйгентас, Шелек аудандары;

2) Шығыс Қазақстан облысы бойынша:

Абыралы, Ақсуат, Большенарым, Мақаншы, Марқакөл, Самар, Таврия, Шар, Шұбартау аудандары;

3) Қарағанды облысы бойынша:

Қарағанды қаласының Киров және Ленин аудандары, Ағадыр, Жезді, Қазыбек би, Молодежный, Тельман, Теңіз, Тоқырауын аудандары;

4) Солтүстік Қазақстан облысы бойынша:

Возвышен, Преснов аудандары таратылсын.

2. Шығыс Қазақстан облысының Серебрянка және Қарағанды облысының Абай қалалары аудандық маңызы бар қалалар санатына жатқызылсын.

Әкімшілік жағынан:

Серебрянка қаласы - Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданының әкіміне;

Абай қаласы - Қарағанды облысы Мичурин ауданының әкіміне;

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2003.12.11. N 1247**

жарлығымен .

3. Мыналардың:

1) Алматы облысы Райымбек ауданының әкімшілік орталығы Нарыңқол селосынан Кеген селосына;

2) Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданының әкімшілік орталығы Катонқарағай селосынан Большенарым селосына;

3) Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының әкімшілік орталығы Ақжар селосынан Ақсуат селосына;

4) Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының әкімшілік орталығы Никитинка селосынан Молодежный поселкесіне;

5) Қарағанды облысы Мичурин ауданының әкімшілік орталығы Топар поселкесінен Абай қаласына;

6) Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әкімшілік орталығы Благовещенка селосынан Пресновка селосына ауыстырылсын.

4. Мыналар:

1) Қарағанды облысының Мичурин ауданы Абай ауданы болып;

2) Қарағанды облысының Ульянов ауданы Бұқар жырау ауданы болып аталсын.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықты іске асыру жөнінде қажетті шаралар қолданатын болсын.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті